

**Атбасар ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 25 тамыздағы №а-8/361 "Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды анықтау, сайлаушылармен кездесу үшін үй-жайларды беру туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Атбасар ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № а-2/44 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 9 наурызда № 5811 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Атбасар ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 25 сәуірдегі № а-4/173 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Атбасар ауданы әкімдігінің 25.04.2019 № а-4/173 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Ақмола облыстық ономастика комиссиясының 2014 жылғы 19 желтоқсандағы қорытындысының, Ақмола облысы әкімдігінің 2016 жылғы 12 желтоқсандағы № А-13/577 "Ақмола облысы Атбасар ауданының Новоалександровка ауылын және Новоалександровка ауылдық округін қайта атау туралы" қаулысына және Ақмола облыстық мәслихатының 2016 жылғы 12 желтоқсандағы № 6С-7-11 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5704 тіркелген) шешімінің негізінде, Атбасар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Атбасар ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 25 тамыздағы №а-8/361 "Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды анықтау, сайлаушылармен кездесу үшін үй-жайларды беру туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4343 тіркелген, "Атбасар", "Простор" газеттерінде 2014 жылдың 12 қыркүйегінде жарияланған) қаулысына келесідей өзгерістер енгізілсін:

қаулының 1 қосымшасындағы 21 жолы келесідей редакцияда баяндалсын:

"21. Бастау ауылы, Байқара көшесі, Атбасар ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі жанындағы "Атбасар аудандық мәдениет үйі"

мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның № 32 ғимараты жанындағы  
стенд. "

қаулының 2 қосымшасындағы 10 жолы келесідей редакцияда баяндалсын:

"10. Бастау ауылы, Байқара көшесі, 35, Атбасар ауданы мәдениет және  
тілдерді дамыту бөлімінің жанындағы "Атбасар аудандық мәдениет үйі"  
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның Мәдениет үйінің  
көрермендер залы."

2. Осы қаулы Ақмола облысының әділет Департаментінде мемлекеттік  
тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен  
бастап қолданысқа енгізіледі.

*Атбасар ауданының әкімі*

*А.Никишов*

"КЕЛІСІЛДІ"

*Атбасар аудандық  
сайлау комиссиясының төрағасы*

*Т.Боранбаев*

"14".02. 2017 жыл